

[22 шілде, 2004]

Пара алу-беруге қарсы,

Шет елдік сыбайлас жемқорлық жөніндегі

Заңының ережелерінің кітаптары мен есептері

105-366 (1998ж 10 қараша) жарияланған, аталмыш кезеңге дейін.

ҚҰРАМА ШТАТТАРДЫҢ КОДЕКСІ

15 БӨЛІМ. Коммерциялық қызмет және сауда

2В ТАРАУ - ҚОР БИРЖАЛАРЫ

§ 78М. Мерзімдік және өзге есептер

(а) Бағалы қағаздар эмитентінің есебі, мазмұны

781 тарауға сәйкес бағалы қағаздардың әрбір эмитенті пайдаланудағы ережелер және нормалар бойынша Комиссияда тіркеуден өтуге тиісті. Комиссия қажет болған жағдайда инвесторларды нақты қорғау және бағалы қағаздар саудасында кепілдік жасау үшін жағдайларды қарастырып және қажетті шараларды қабылдауға мүмкіндігі бар;

(1) толық ақпарат пен құжаттарды (сонымен қатар, олардың көшірмесін) алу үшін, Комиссияға қажет маңызды ақпарат пен құжаттар 781 тарауға сәйкес қосымшаларға немесе тіркеу арызында кіргізілуі қажет, тек қана 1962 жылдың 1 шілдесіне дейін толығынан орындалған материалдық контракттардың тіркеу талабынан өзгелері

(2) толық жылдық есептер (сонымен қатар, олардың көшірмелері) қажет болған жағдайда Комиссияның ережелері және нормалары бойынша тәуелсіз аудиторлар куәлендіріп, және толық тоқсандық есептер (сонымен қатар, олардың көшірмелері) Комиссияның қол қою құқығы болғандықтан тапсырылады.

Ұлттық бағалы қағаздар биржасында тіркелген бағалы қағаздардың әрбір эмитенті сонымен қатар барлық мәліметтердің, құжаттардың және биржаға байланысты есептердің түп нұсқасының көшірмелерін де тапсырады.

(b) Есептің, кітаптың, есептер мен ішкі бухгалтерлік есеп, директивалардың үлгілері

(2) 781 тарауға сәйкес тіркелген бағалы қағаздардың классы бар әрбір эмитент және есептерін 780 (d) тарауына сәйкес тіркеуден өткізуге міндетті әрбір эмитент, орындауы керек:

(А) кітаптар, есептер мен шоттарды жасауы және ұстауы, жүргізілген саудадағы нәтижелерін барынша дәл, шынайы және айқын көрсетуі мен шығарушының активтерінің орналасуын көрсетуі; және

(В) жеткілікті кепілдік беруді қамтамасыз ететін ішкі басқару жүйесінің бухгалтерлік құралдарының жүйесін жасау мен қолдауға мүмкін болатын:

(i) сауда–саттық жалпы немесе басқарманың белгіленген рұқсаты бойынша орындалған;

(ii) сауда –саттық қажеттілікке (I) байланысты мөлшерде , бухгалтерлік есептің жалпыға бірдей ұстанымдарына сәйкес немесе бұл арыздарға қолданылатын кезкелген өзге критерийлер бойынша қаржылық есепті дайындауды рұқсат ету үшін тіркелген, және (II), активтерді есепке алуды қолдау үшін;

(iii) активтерге қол жеткізу тек қана жалпы немесе басқарманың белгіленген рұқсаты бойынша орындалған; сонымен қатар

(iv) барынша орын алып отырған аралығында салыстырылған активтердің тіркелген есебі,және кез келген ерекшеліктеріне байланысты қабылданған сәйкес шаралары.

(3) (А) Құрама Штаттардың Ұлттық қауіпсіздігінің сұрақтарына байланысты, кез келген адамға міндеттер мен жауапкершіліктің осы тараудың (2) тармағына сәйкес ешқандай түрін қолдануға болмайды, Федералдық департамент немесе агенттіктің басшысымен байланыста қызмет істейтін, сол сұрақтар үшін жауапты адамның әрекеті осы бөлімнің белгіленген, жазбаша нұсқауы бойынша орындалса, осындай нұсқаулар шығару Президент құзырында болған жағдайда. Әрбір нұсқау, осы тармаққа сәйкес шығарылған жағдайда нақты дәйектер мен жағдайларды белгілеуі, сол тармақтың анықтамаларына байланысты сілтемелерді белгілеуі керек. Мұндай нұсқаулар, жазбаша түрде жаңартылмаған жағдайда, шығарылған күнінен бір жыл өткеннен кейін күшін жояды.

(В) Құрама Штаттардың Федералдық департаментінің немесе агенттігінің басшысы осы тармақшаға сәйкес нұсқау шығарған жағдайда, осындай нұсқаулардың толық файлы (мұрағатын) ұстауы керек. Сонымен қатар, әр жылдың 1 қазанында осындай нұсқаулармен қамтылған сұрақтардың күші сақталған толық тізімін алдыңғы жылдың кез келген уақытында өкілдер Палатасының Тұрақты Арнаулы Барлау жөніндегі комитетіне және Сенаттың Барлау жөніндегі Арнаулы комитетіне беруі керек.

(4) Осы тараудың (2) тармағын орындау мүмкіндігі болмаған жағдайда, тек осы бөлімнің (5) тармағын есепке алмағанда, орындаушыға ешқандай жауапкершілік қолданылмауы керек.

(5) Кезкелген тұлға біле тұра орап өтіп немесе есепке алу жүйесін басқарудың ішкі жүйесін біле тұра орындамауы, немесе (2) тармақта сипатталған кез келген кітапты немесе шотты жалған жасау.

(6) 78l тарауға сәйкес тіркелген бағалы қағаздардың классы бар орындарында әрбір эмитенті немесе 78o (d) тарауына сәйкес файлдар жөнінде есеп беруге міндетті эмитент, 50 пайыз немесе онан аз бөлігі болғанда, ішкі немесе шетелдік фирма бойынша дауыс беруге қатынасу құқығы болса, (2) тармақшаның ережесі бойынша, эмитент оның әсерін тиімді деңгейде пайдалануын жалғастыра беруіне болады, мұндай ішкі немесе шетелдік фирманы құру және басқарудың ішкі құралдарының жүйесін (2) тармақша талаптарына сәйкес қолдауына болады. Бұл жағдайларға эмитенттің меншігінің ішкі немесе шет елдік фирмалардағы салыстырмалы дәрежесін қамтып, сонымен қатар, бұл фирма орналасқан елдің шаруашылық операцияларын басқаратын заңдары мен әдістерін қамтиды. Мұндай әсерлерді адал пайдаланушы эмитент (2) тармақшаның талаптарын сөзсіз орындайтынын дәлелдеуі керек

(7) (2) тармақшаның «сенімді кепілдік» және «сенімді бөлшегі» терминдері басқарушы чиновниктердің өз ісін басқарудағы қанағаттануға тұратындай бөлшектің осындай деңгейі мен кепілдік дәрежесін көрсетеді.

§ 78dd-1 [1934 жылдың бағалы қағаздар мен биржалық заңының 30A бөлімі]

Сыртқы сауданы жүргізудің эмитенттерге тиым салынған әдістері

(a) Тиым салу

78l тарауға сәйкес тіркелген бағалы қағаздардың классы бар кез келген эмитент немесе 78o (d) бөліміне сәйкес есептерін тіркеуге міндетті кез келген чиновник, директор, қызметкер немесе осындай эмитенттің агенті, кез келген эмитенттің атынан қызмет атқаратын құрылтайшының поштаны пайдалану немесе өзге кез келген құралдарды немесе мемлекет аралық саудадағы сыбайластықты пайдалану ұсыныстарды, сыйлықтар беріп-алуға әсер тигізу, төлеу жасауға уәде ету немесе кез келген

(1) шет елдік чиновникке маңызды болатын нәрселерді орындауға рұқсат беру мақсаты-

(A) (i) шет елдік чиновниктің қызметін пайдалану арқылы кез келген акт немесе шешімі үшін; (ii) шет елдік чиновниктің өзінің заңды міндетін орындамай немесе бұзуына әсер етіп, қолдау үшін, немесе (iii) кез келген заңға қайшы артықшылығын пайдалану; немесе

(B) Мұндай шетелдік чиновникті шетел үкіметіне өзінің ықпалын пайдалануға немесе көмек көрсетуге мәжбүрлеу немесе осы үкіметтің кез келген әрекет немесе шешімге көмек көрсетуіне әсер ету.

шығарушыға алушы немесе істі(бизнесті) ұстаушыға көмектесу немесе істі(бизнесті) тежеп, кез келген өзге адамға жолдау;

(2) кез келген шетелдік саяси партия немесе оның чиновнигі немесе шетелдік саяси орынға кандидатқа, мақсаттары үшін—

(А) (і) мұндай партияның, чиновниктің немесе партия кандидатының кез келген акт немесе шешімді орындау немесе көңіл бөлмеуі, мұндай партияның, чиновниктің немесе кандидаттың заңды міндетін бұзу әректін жасағаны үшін, немесе (ііі) кез келген жарамсыз артықшылығын қамту; немесе

(В) Мұндай шетелдік чиновникті шетел үкіметіне өзінің ықпалын пайдалануға немесе көмек көрсетуге мәжбүрлеу немесе осы үкіметтің кез келген әрекет немесе шешімге көмек көрсетуіне әсер ету

мұндай шығарушыға алу үшін немесе істі (бизнесті) тежеу немесе істі (бизнесті) кез келген өзге адамға жолдау, немесе

(3) кез келген адам кез келген шет елдік чиновникке, кез келген шет елдік саяси партияға немесе кез келген шет елдің саяси орынға үміткер кандидатына мұндай тікелей немесе жанам түрде ақшаның немесе заттың толық берілуі немесе бөлшектеп ұсынылуы, берілу мүмкіндігін білуі, мақсаты-

(А) (і) қабылданатын кез келген акт немесе шешімге шет елдік чиновниктің, саяси партияның немесе оның кандидатының қызмет бабымен әсер тигізуіне, шешімді орындау немесе көңіл бөлмеуі, мұндай партияның, чиновниктің немесе кандидаттың заңды міндетін бұзу әректін жасағаны үшін, кез келген заңға қайшы артықшылығын пайдалану оның заңсыз қызметіне қолдау көрсету үшін; немесе

(В) мұндай шетелдік чиновник, саяси партия, партияның чиновнигі немесе кандидатты мәжбүр ету, пайдалану немесе шетелдік үкіметке әсерін пайдалану, ықпал немесе көмек тигізу үшін осы үкіметтің кез келген әрекетіне немесе шешіміне немесе көмек көрсету немесе

мұндай шығарушыға алу үшін немесе істі (бизнесті) тежеу немесе істі (бизнесті) кез келген өзге адамға жолдау үшін

(b) Үкімет тарапынан сөзсіз орындалатын әрекеттерді шығарып тастау

Бұл секцияның (а) және (g) тараушалары шет елдік чиновникке, саяси партия немесе партияның өкілетті мүшесіне кез келген әрекетті жылдамдату немесе әдеттегідей орындалуын қамтамасыз ету мақсатымен төлемдерді ешқандай жеңілдету немесе жеделдетуге болмайды.

(c) Нақты қорғаныс

(а) немесе (g) тараушаларындағы әрекеттерге қарсы бұл секциядағы нақты қорғаныс болуы керек, бұл-

(1) маңызды бар әрекеттер үшін шет елдік чиновникке, саяси партия немесе партияның өкілетті мүшесіне немесе кандидаттың еліне төлем, сыйлық, ұсыныс немесе сөз беру заңды түрде болуы үшін, ол жазбаша түрдегі заңдар мен бұйрықтарға сәйкес болуы керек, немесе

(2) маңызды бір нәрсемен шет елдік чиновникке, саяси партия немесе партияның немесе кандидаттың өкілетті мүшесіне төлем, сыйлық, ұсыныс жасау олардың қажетті шығындарының орнын толтыру түрінде, мысалы, саяхат немесе жалға алу (тұрғын үйді) шығындары түрінде жүргізілсе, олардың тікелей байланысы

(A) марапаттау, тауарлар мен қызмет түрлерін көрсету; немесе

(B) шетелдік үкімет немесе оның агенттігі контрактты орындауына байланысты беріледі.

(d) Бас прокурордың директивалары

1988 жылдың 23 тамызынан бастап бір жыл өтпей, Бас прокурор Комиссиямен, сауда Министрімен, Құрама Штаттардың Сауда өкілімен, Мемлекеттік хатшымен және қаржы Министрімен кеңес жүргізгеннен кейін және осыған тура байланысты барлық тұлғалардың көзқарастарын қоғамдық таныстыру және пікірлері арқылы алғаннан кейін, бұл секциямен келісім жүргізу дәрежесі арттырылғанын анықтап, сонымен қатар іскер топтарға бұл секцияның ілгерідегі шарттарын әрі қарай түсіндіру қажеттігін осы анықтау мен дәрежеде сәйкестігін белгілейді, мәселе-

(1) Бас прокурор осы секцияның алдыңғы шарттарына сәйкес әділет Министрлігінің шет елде сату мен іскерлік контракттардың жалпы тәртіп түрлерімен байланысты нақты тәртіп түрлерін сипаттайтын, орын алып отырған саясатын жүргізу мақсатымен кеңес (нұсқауларын) анықтайды, сонымен қатар,

(2) осы секция бойынша әділет Министрлігінің орын алып отырған саясатына ілгерідегі шарттарын эмитенттердің өз еркімен пайдалануына болатын жалпы алдын-алу процедураларының тәртібін икемдеу.

Алдыңғы сөйлемдегі аталған шарттар II бөлімшенің 5 тарауының 5 бөлімінде аталған, сонымен қатар сол бөлімнің 7 тарауында да болуы жөнінде Бас прокурор кеңес (нұсқаулар) мен процедуралар беруге тиісті.

(e) Бас прокурордың ойы (бағасы, қорытындысы)

(1) Құрама Штаттардың сәйкес бөлімдері мен агенттіктерімен кеңес өткізгеннен және барлық осыған қатысы бар тұлғалардың көзқарастарын қоғамдық хабарландыру және талқылау процедураларынан кейін Бас прокурор эмитенттердің әділет Министрлігінің осы секцияның ілгерідегі талаптары бойынша нақты кезеңдегі саясатына сәйкес болуы туралы сұрақтарына жауап беруді қамтамасыз ету тәртібін белгілеуі керек. Бас прокурор мұндай

сұрақ түскеннен кейін 30 күн ішінде сұраққа өзінің жауабын беруге міндетті. Онда нақты қызмет бойынша әділет Министрлігінің қазіргі саясатының мақсатымен ілгерідегі талаптарды бұзу орын алды немесе болмағаны туралы сипатталған ойын білдіреді. Бас прокурорға алдыңғы арыздар бойынша анықталған қызмет шеңберінен шығатын өзге әрекеттер туралы қосымша сұрақтар бойынша қорытынды жасау жөнінде арыз беруге болады. Кез келген арыз бойынша осы секцияның пайдаланатын талаптары бойынша Бас прокуратура жокқа шығаруы мүмкін болжам болуы керек. Эмитенттің арызында көрсетілген қызмет түрі және ол бойынша Бас прокурор берген баға (қорытынды) бойынша, бұл қызмет әділет Министрлігінің нақты кезеңдегі жүргізіп отырған саясатына, секцияның ілгерідегі талаптарына сәйкестігі көрсетіледі. Мұндай болжам дәлелдер негізінде жокқа шығарылады. Бұл тармақшаның мақсаты бойынша келтірілген болжамдарды қарастырғанда, сот барлық факторларды есепке алып, осы қызметтер шеңберінде, кез келген арызда белгіленген, Бас прокурорға берілген мәліметтер дәл және толық болған, болмағаны жөнінде шектелмей, есепке ала отырып қарастыруы керек. Бас прокурор осы тармақтың талабы бойынша II бөлімшенің 5 тарауының 5 бөлімінде аталған шарттарға сәйкес ретін белгілеп, сонымен қатар бұл процедуралар сонымен қатар сол бөлімнің 7 тарауында енгізілуге тиісті.

(2) Эмитенттің сұранысы бойынша Әділет Министрлігінде немесе Құрама Штаттардың өзге бөлімдері немесе агенттіктерінде қарау үшін берілген, дайындалған және алынған кез келген құжат немесе өзге материал (1) тармақ 552 тараудың 5 бөлімінде белгіленген тәртіпке сәйкес Бас прокурор бұл сұраққа жауап бергенде де, сонымен қатар эмитенттің келісімінсіз мазмұны ашылуға, көпшілікке жариялау немесе эмитент өз сұрағына жауап алмай тұрып-ақ бас тартқанмен де, мазмұны ашылудан босатылуға тиісті.

(3) (1) тармақшаға сәйкес Бас прокурорға өтініш жолдаған кез келген эмитент сол өтініш бойынша Бас прокурор өз қорытындысын жасап бергенге дейін де қайтарып алуына болады. Сондықтан, өтініш бұл жағдайда өз күшін немесе әсерін жояды.

(4) Бас прокурор әділет Министрлігінің бұл секцияның экспортерлер мен шағын бизнес кәсіпорындары мәселелері мен осы секцияның ілгерідегі шарттарына қарым-қатынасы бойынша арнаулы кеңес алуға қабілеті болмағанда, осы кезеңдегі орындау саясаты жөнінде барынша нақты және уақытында нұсқау беруге тиісті. Басқарудың мұндай түрі (1) тармақшаға сәйкес аталған қызметтің әділет Министрлігінің секциясының ілгерідегі талаптарына салыстырғанда сәйкес келуі жөніндегі жауаптармен және осы секцияның ілгерідегі шарттары бойынша алынған міндеттерді орындау бойынша жалпы жауаптармен шектелуі керек.

(f) Анықтамалар

Бұл секцияның мақсаттарында:

(1) А) «шетелдік чиновник» термині қызмет жағдайы бойынша шет елдің үкіметінің немесе кез келген бөлімінің, агенттігінің немесе ведомствосының, халықаралық қоғамдық ұйымдар немесе кез келген адамның атынан осы аталған үкіметтің немесе

бөлімнің, осындай халықаралық ұйым үшін және оның атынан мүддесін қорғайтын кез келген чиновнигі немесе қызметкерін атайды.

(B) (A) абзацы «халықаралық қоғамдық ұйым» терминін

(i) Әкімшілік бұйрық бойынша Халықаралық ұйымдарды Қорғау заңының 1 бөлімі бойынша (АҚШ заңдарының 22 тобының §288) бойынша белгіленген ұйым, немесе

(ii) Президенттің Әкімшілік бұйрығы бойынша осы секцияның мақсаттары үшін берілген сұранысы федералдық тізімге тіркелген уақытынан бастап белгіленген кез келген өзге халықаралық ұйым.

(2) (A) адам ойының қызмет, жағдай немесе нәтиже жөнінде «білуі», егер

(i) мұндай адам осы қызметке қатысып, бұл жағдай орын алып отырғаны, немесе осындай нәтиже маңызды, әрі сөзсіз болатынын түсінуі. немесе

(ii) бұл адамның аталған жағдай болуы немесе осындай нәтиже маңызды, әрі сөзсіз болатыны жөнінде қатты сенімі болуы.

(B) Ерекше жағдай бар екендігін білу агрессивті әрекеттер үшін қажет болғанда, бұл білім негізі бар болып есептеледі, егер адам мұндай жағдайдың болу мүмкіндігін білсе, ол адам шынында да мұндай жағдай болмауына сенеді.

(3)(A) «үкіметтің кәдімгі әрекеті» тек қана әдетте немесе шетелдік чиновник орындаған әрекетті белгілейді

(i) рұқсат алу, лицензиялау, неге өзге ресми құжаттар, тұлғаны шет елде бизнеспен шұғылдану үшін мамандандыру;

(ii) үкімет қағаздарын өңдеу, мысалы, визалар және жұмыс ережелері ;

(iii) полициялық қорғаумен қамту, пошта тиеу және жеткізу, немесе контрактты орындауды бақылауды жоспарлау немесе ел арқылы өтетін транзиттік тауарларды тексеру;

(iv) телефон, электр және сумен қамту, жүктерді тиеу мен түсіру қызметін көрсету немесе тез бұзылатын өнімдер мен пайдалану бұйымдарын бұзылудан сақтау, немесе

(v) осы сипаттағы әрекеттер.

(B) «үкіметтің кәдімгі әрекеті» термині шет елдік чиновниктің жаңа бизнесті беру немесе бизнесті өз бетімен жалғастыруы немесе кез келген өзге шаралар бойынша талаптарын, шешім қабылдауға тартылған чиновниктің жаңа бизнесті беру немесе бизнесті өз бетімен жалғастыруы жөніндегі шешімін марапаттауды кіргізбейді

(g) Альтернативті юрисдикция

(1) Бұл құнды қағаздар классы бар, АҚШ заңдарына сәйкес ұйымдастырылған, 12 бөлімге сәйкес тіркеуден өткен кез келген шығарушы, немесе мемлекет, территория, иелік немесе АҚШ ұлттарының жалпы күй-жағдайларының жақсаруына заңсыз болатын немесе осы 15 (d) бөліміне байланысты файлдар туралы есеп тапсыруды талап етіп, чиновник, директор, қызметкер ретінде есептелетін АҚШтың кез келген адамы немесе эмитентінің агенті немесе осындай эмитенттің атынан әрекет жасаушы құрылтайшысы атынан сыбайластықпен АҚШтың аумағынан тыс жерлерде жүргізілген кез келген акттарды орындағаны үшін, орындалуына ықпал тигізгені үшін кез келген ұсыныс әдісімен, төлем жасау, төлеуге уәде беру немесе кез келген ақшаны төлеуге рұқсат беру немесе ұсыныс жасау, сыйлық жасауға уәде беру немесе кез келген адам, кәсіпорын үшін маңызды болатын кезкелген нәрсені беруге осы секцияның (1), (2) және (3) бөлімшелеріне орай, аталған мақсаттар үшін осындай ұсыныс, сыйлық, төлемдер, уәде немесе рұқсаттар, эмитент, чиновник, директор, қызметкер, агент немесе құрылтайшы поштаны немесе өзге құралдарды пайдалану немесе мемлекетаралық саудаға ықпалын тигізуіне еш байланыссыз болады

(2) Бұл тарауда пайдаланған «Құрама Штаттың адамы» термині Құрама Штаттардың азаматын атайды (Иммиграция мен Ұлттар жөніндегі заңның 101 бөлімінде белгіленген (АҚШ заңдарының 8 тобының §1101) немесе кез келген корпорация, байланыс, ассоциация, акционерлік қоғам, іскерлік трест, корпоративті емес ұйым немесе жеке меншік Құрама Штаттардың немесе кез келген мемлекеттің заңдарына сәйкес және Құрама Штаттардың немесе кез келген саяси бөлімнің жалпы мүддесі үшін ұйымдастырылған

§ 78dd-2 Сыртқы сауданың ішкі мүдделер бойынша тиым салынған әдістері

(а) Тиым салу

Осы бөлімнің 78dd-1 секциясына кіретін эмитенттен өзге немесе кез келген чиновник, директор, қызметкер немесе осындай ішкі мүдделі агентке немесе осындай ішкі мүддесінің атынан әрекет ететін кез келген құрылтайшыға поштаны немесе кез келген өзге құралдарды пайдалану немесе мемлекетаралық саудаға сыбайластықпен, ұсыныс жасау, төлемдер, төлеуге уәде беру немесе кез келген ақша төлеуге рұқсат ету немесе ұсыну, сыйлық, беруге уәде ету немесе маңызы бар кез-келген бір нәрсені беруге рұқсат ету арқылы әсер ету заңсыз деп есептеледі

(1) кез келген шетелдік чиновниктің мақсаты үшін

(А) (i) мұндай шет елдік чиновниктің өзінің қызмет бабымен кез келген акт немесе шешімдерге ықпалы (ii) мұндай шет елдік чиновникті өзінің заңды орындамай және себепсіз заңды міндетін бұзуға жасаған кез келген әрекеті қолдау, немесе (iii) кез келген жарамсыз артықшылықтарын қамтамасыз етіп қолдау, немесе

(В) мұндай шетелдік чиновник, саяси партия, партияның чиновнигі немесе кандидатты мәжбүр ету, пайдалану немесе шетелдік үкіметке әсерін пайдалану, ықпал немесе көмек

тигізу үшін осы үкіметтің кез келген әрекетіне немесе шешіміне немесе көмек көрсету немесе

мұндай шығарушыға алу үшін немесе істі (бизнесті) тежеу немесе істі (бизнесті) кез келген өзге адамға жолдау үшін

(А) (i) өзінің қызмет бабы бойынша кез келген акт немесе осы партияның шешіміне, чиновник немесе оның кандидатына ықпал жасау, (ii) мұндай партияны, чиновникті немесе кандидатты өзінің заңды орындамай және себепсіз заңды міндетін бұзуға жасаған кез келген әрекетін қолдау, немесе (iii) кез келген жарамсыз артықшылықпен қамтамасыз ету; немесе

(В) мұндай шетелдік чиновник, саяси партия, партияның чиновнигі немесе кандидатты мәжбүр ету, пайдалану немесе шетелдік үкіметке әсерін пайдалану, ықпал немесе көмек тигізу үшін осы үкіметтің кез келген әрекетіне немесе шешіміне немесе көмек көрсету немесе

мұндай шығарушыға алу үшін немесе істі (бизнесті) тежеу немесе істі (бизнесті) кез келген өзге адамға жолдау үшін

(3) кез келген адам тікелей немесе жанама түрде кез келген шетелдік чиновникке, кез келген шетелдік саяси партияға немесе осы партияның чиновнигіне, немесе кез келген шетелдік саяси орынға кандидатқа ақшаның немесе бұйымдардың барлығы немесе бөлігі ұсынылатынын немесе беруге уәде жасалатын мақсатын біле тұра -

(А) (i) мұндай шетелдік чиновниктің, саяси партияның, партияның арнаулы өкілі немесе оған кандидаттың өз қызмет жағдайында кез келген акт немесе шешімге әсер тигізуі, (ii) мұндай шетелдік чиновниктің, саяси партияның, партияның арнаулы өкілі немесе оған кандидаттың қолдау, орындауға немқұрайды қарап және шетелдік чиновниктің, саяси партияның, партияның арнаулы өкілі немесе оған кандидаттың заңды міндетін бұзуы, немесе (iii) кез келген жарамсыз артықшылықпен қамтамасыз ету; немесе

(В) мұндай шетелдік чиновникті, саяси партияны, партияның арнаулы өкілін немесе кандидатын өзінің шетелдік үкіметке ықпалын тигізу немесе көмек көрсетуге итермелеу арқылы оны кез келген актты өткізу немесе бұл үкіметтің шешіміне әсер тигізу немесе көмек көрсету,

Бизнесті алу немесе тежеу немесе бизнесті кез келген өзге адамға бағыттау сияқты осындай ішкі мүддесіне көмек көрсету үшін.

(b) Үкіметтің әдеттегі әрекеттеріне жасалатын ерекшеліктер

Бұл секцияның (а) және (i) бөлімшелері шетел чиновнигі, саяси партия немесе партияның арнаулы өкіліне төленетін төлемді жеңілдетуге немесе шетел чиновнигінің, саяси партия немесе партияның арнаулы өкілінің мақсаты үкіметтің әдеттегі әрекеттеріне жылдамдату немесе орындауды қамтамасыз ету болғанда, еш қатынасы болмауы керек.

(с) Нақты қорғаныс

Бұл (а) немесе (і) бөлімшелеріндегі әрекеттердің нақты қорғанысы болу керек--

(1) жасалған төлем, сыйлық, ұсыныс немесе кезкелген маңызы бар уәде шет ел чиновнигінің, саяси партияның, партияның арнаулы өкілінің немесе кандидаттың елінің жазбаша заңдары бойынша заңды түрде орындалса, немесе

(2) төлем, тарту (сыйлық), ұсыныс немесе бағалы нәрсені уәде ету жасалғанда, ол ақылға сыйымды және нақты шығын болуы керек, мысалы, саяхат немесе тұрғын үй чиновник үшін немесе оның атынан, чиновник жағынан немесе кандидат жағынан шығарылып және тіке байланыста болуы

(А) өнімді итермелеу, көрсету немесе түсіндіру немесе қызметтер, немесе

(В) нәтижесінде шетелдік үкіметпен немесе агенттікпен контрактты орындау немесе жасау.

(d) Соттық тыйым салу

(1) Бас прокурор кез келген ішкі мүддені анықтағанда, бұл бап (статья) қолданылғанда немесе чиновник, директор, қызметкер, агент немесе құрылтайшы осы баптың (статьяның) (а) немесе (і) бөлімшелерін бұзу болып есептелетін кез келген акт немесе практика бойынша жауапқа тартылып немесе тартылуы қажет болғанда, Бас прокурор өз тарапынан Құрама Штаттардың сәйкес округтық сотында мұндай акт немесе практиканың алдын алу үшін азаматтық процесс ашуына болады, және қажетті түрде көрсетілгеннен кейін, тұрақты сот тыйымы немесе уақытша тыйым салатын бұйрықты қаржылық міндеттемесіз жасауы керек.

(2) Кез келген азаматтық тексеру мақсатымен, Бас прокурордың ойынша қажетті және жүргізілуі керек болғанда, бұл бапты (статьяны) орындау үшін, Бас прокурор немесе оның өкілетті өкілі ант беру және анықтауды басқарып, сотқа куәларды хабарландыру, дәлелдер жинау және кез келген материал, қағаздар немесе өзге құжаттар бойынша істі жүргізуді Бас прокурор мұндай тексеру үшін релевантты немесе маңызды деп есептеген жағдайда талап ету. Куәлардың қатынасуы және жазбаша дәлелдерді жүргізуді Құрама Штаттардың кезкелген орнынан немесе кез келген өңірінен, Құрама Штаттардың Ұлттар бірлестігінен немесе иелігінен кез келген істі тыңдау белгіленген орыннан талап етуге болады.

(3) Бағынбау немесе сот шақыруы берілген кез келген адам бағынудан бас тартқанда, Бас прокурор Құрама Штаттардың мұндай тексеру немесе процесс өңірінің аумағында, мұндай адамның тұрған мекеніне немесе жүргізген бизнесіне байланысты, қатынасуы

мен куәлардың көрсетуі мен материалды, қағаздарды немесе өзге құжаттарды жүргізу талап етілгенде, жүргізілуі мүмкін кез келген сотын көмекке алуына болады. Мұндай кез келген сот адамның Бас прокурор немесе оның өкілінің алдына есеп беру, бұйрық бойынша немесе тексеру сұрақтарына байланысты куәлік көрсету үшін келуін талап ететін бұйрық бере алады. Соттың мұндай бұйрығын орындаудан бас тартуды сот арына нұқсан келтіру ретінде жазалауға болады.

Мұндай кез келген жағдайда процесс бұл адам тұратын немесе болып отырған сот ауданында берілуі мүмкін. Азаматтық тексерулерге байланысты Бас прокурор бұл бөлімшенің талаптарын орындау үшін қажетті келтіруге байланысты арнаулы ережелер жасауына болады.

(e) Бас прокурордың нұсқаулары

1988 жылдың 23 тамызынан 6 айдан кешіктірмей, Бас прокурор сауда министрі, Құрама Штаттардың сауда өкілі, мемлекеттік хатшы мен қаржы министрімен құнды қағаздар мен биржалар жөніндегі кеңестен соң және осы барлық ынталы тұлғалардың ойларын ашық жариялау, талқылау мен процедуралар арқылы жинап алғаннан кейін, осы бөлімді орындау нәтижесінде бизнес-қоғам бұл баптың (статьяның) ілгерідегі жағдайларын әрі қарай анықтау және қандай дәрежеде орындалуы артуы үшін көмекті көрсетіп, немесе осындай анықтау негізінде және қажет болған жағдайда шығару қажеттілігін белгілейді-

(1) Бас прокурор әділет Департаментінің қазіргі саясатының мақсаттары на экспорттық сатылымдар, механизмдері мен бизнес-контракттардың таралған түрлерімен байланысты басқару ұстанымдары, тәртібінің белгілі типтерінің сипаты осы баптың ілгерідегі талаптарына сәйкес болуын анықтайды және

(2) процедуралардың жалпы мазмұны ішкі мәселелер еркін негізде әділет органдарының сыртқы саясат Департаментіне осы баптың ілгерідегі талаптарын ендіру.

Бас прокурор ілгеріде аталған 5 тараудың 5 бөлімінің II п мазмұны бойынша Бас прокурор басқару ұстанымдары мен процедуралар шығарады және бұл басқару ұстанымдары мен процедуралары осы бөлімнің 7 тарауына сәйкес болуы керек.

(f) Бас прокурордың көзқарасы

(1) Бас прокурор сауда министрі, Құрама Штаттардың сауда өкілі, мемлекеттік хатшы мен қаржы министрімен құнды қағаздар мен биржалар жөніндегі кеңестен соң және осы барлық ынталы тұлғалардың көзқарастарын ашық жариялау, талқылау мен процедуралар арқылы жинап алғаннан кейін, осы баптың ілгерідегі талаптарының әділет Департаментінің қазіргі кезеңдегі саясатына сәйкестігі жөнінде ішкі мәселелер жөнінде берілген нақты сұраныстарға жауап берудің процедурасын белгілейді. Бас прокурор мұндай сұранысты алғаннан кейін 30 күн ішінде бұл өтінішке өз көзқарасын білдіруге міндетті. Мұндай қорытындыда көрсетілген тәртіп бұл баптың ілгерідегі

талаптарын бұзуы әділет Департаментінің қазіргі саясатының болашақ мақсаттарына анықталғандығын көрсетеді. Бас прокурор көзқарас бойынша қосымша сұрақтарды көрсетілген өзге болашағы бар енгізулер ілгеріде көрсетілген сұраныстардың шегінен шыққаны жөнінде береді. Осы баптың орын алып отырған ережелеріне сәйкес берілген кез келген арызда жоққа шығаруға болатын, жүргізудің ішкі ісі ретінде өтініште көрсетілген болжам болуы әділет Департаментінің қазіргі саясатына сәйкес жүргізуі осы баптың алдыңғы талаптарымен сәйкес екендігіне Бас прокурордың жасаған көзқарасы керек. Мұндай болжам дәлелдер жеткілікті жағдайда жоққа шығарылады. Осы пункттің мақсаты үшін презумпция жөніндегі сұрақты қарағанда, сот барлық факторларды салыстыра есептеп, Бас прокурор берген мәліметтермен шектелмей, берген мәліметтер барынша дәл және толық және Бас прокурор алған кез келген сұрауда берілген шеңбердің аумағында болуы керек. Бас прокурор ілгеріде аталған 5 тараудың 5 бөлімінің ІІІ мазмұнының талаптары бойынша Бас прокурор басқару ұстанымдары мен процедуралар шығарады және бұл басқару ұстанымдары мен процедуралары осы бөлімнің 7 тарауына сәйкес болуы керек.

(2) Әділет Министрлігі немесе өзге бөлім немесе Құрама Штаттардың агенттігі дайындаған кез келген құжат немесе өзге материал (1) бойынша 5 бөлімнің 552 бабына сәйкес ақпаратты ашудан босатылуы керек және ішкі істерден келісуден өзге жағдайда, жалпының қолы жетпеуі керек, ол Бас прокурордың бұл сұранысқа жауап беру-бермеуіне байланыссыз болып немесе жауап беру алдында ішкі жағдаймен мұндай сұранысты қайтарып алады.

(3) кез келген ішкі іс бойынша (1) пунктіне сәйкес бас прокурорға жолданған кез келген сұраныс , бас прокурор бұл сұранысқа жауап бергенге дейін де тоқтатуына болады. Кез келген тоқтатылған сұраныстың заңды күші болмайды.

(4) Бас прокурор барынша тез дәрежеде әділет Департаментінің осы баптың ілгерідегі ережелерінің қазіргі кезеңдегі саясатына байланысты, осы сұрақтар бойынша арнаулы кеңес ала алмай жүрген потенциалды экспортерлер мен кіші бизнеске барынша тез, уақытында кеңес беруді қамтамасыз етеді. Бұлай басқару (1) пунктке әділет Департаментінің ілгерідегі талаптарынамен салыстырғанда, сәйкес қазіргі жағдайдағы саясатын жүргізудің болашағы және міндеттерді орындау жөнінде жалпы түсініктер мен потенциалды міндеттер ілгерідегі талаптарға сәйкес орындау жөнінде берілген сұрақтарға жауаппен шектелуі керек.

(g) Айыптар

(1) (А) Кез келген ішкі өндіріс физикалық тұлға болмай және осы бөлімнің (а) немесе (і) пункттерін бұзған жағдайда \$ 2,000,000 артпайтын айып пұл салынуы керек.

- (B) Кез келген ішкі өндіріс физикалық тұлға болмай, сонымен қатар осы баптың (a) немесе (I) пункттерін бұзған жағдайда, бас прокурор белгілеген \$ 10,000 артпайтын азаматтық айыпқа тартылады.
- (2) (A) Қызмет бабындағы тұлға болып есептелетін кез келген физикалық тұлға, директор, ішкі өндірістің қызметкері немесе агенті осындай ішкі өндіріс атынан әрекет жасағанда, осы бөлімнің (a) немесе (i) пункттерін көріне-көзге бұзған жағдайда, \$ 100,000 артпайтын айыпқа тартылады немесе 5 жылға дейінгі мерзімге түрмеге жабылады немесе осы екеуі де бірдей қолданылады.
- (B) Қызмет бабындағы тұлға болып есептелетін кез келген физикалық тұлға, директор, ішкі өндірістің қызметкері немесе агенті немесе құрылтайшысы осындай ішкі өндіріс атынан әрекет жасағанда, осы бөлімнің (a) немесе (i) пункттерін бұзған жағдайда, бас прокурор белгілеген \$ 10,000 артпайтын азаматтық айыпқа тартылады.
- (3) ішкі өндірістегі кез келген чиновникке, директорға, қызметкерге, агентке немесе құрылтайшыға (2) пунктке сәйкес айып салынған жағдайда, ішкі өндіріс тікелей немесе жанама түрде мұндай айыпты төлеуіне болмайды.

(h) Анықтамалар

Бұл бөлімнің мақсатына сәйкес:

(1) «ішкі өндіріс» термині белгілейді:

(A) Құрама Штаттардың азаматы, сол елдің құзырындағы азамат немесе резидент, және

(B) өзінің негізгі қызметі Құрама Штаттарда, Құрама Штаттар мемлекетінің заңына сәйкес, немесе өңірлерде, иеліктерінде немесе Құрама Штаттар достастығында болатын кез келген корпорация, серіктестік, ассоциация, акционерлік қоғам, бизнес, тіркеуден өтпеген ұйымдар мен жеке кәсіпкерлер.

(2) (A) «шетелдік чиновник» ұғымы кез келген лауазымды тұлға немесе шетелдік үкіметтің қызметкері немесе кез келген бөлімі, агенттігі немесе көмек көрсетуші немесе қоғамдық халықаралық ұйым немесе кез келген заңды мүмкіндігін пайдаланушы адам немесе осы үкімет немесе бөлім, агенттік немесе кез келген қоғамдық халықаралық ұйым атынан көмектесушіні білдіреді.

(B) (A) тармақшасының «кез» келген қоғамдық халықаралық ұйым" білдіреді –

(i) ұйым, лауазымды тұлғаның 1 бөлімінің халықаралық Ұйымдардың әрекеттерінің тұрақтылығының ережелері бойынша белгіленген ұйым (22 U.S.C. § 288); немесе

(ii) осы баптың мақсатына сәйкес Президенттің бұйрығымен құрылған кез келген өзге халықаралық ұйым, күшіне бұл жөнінде Федералдық регистрге тіркелген күнінен бастап енеді.

(3) (A) Адам ойының «білім» жағдайы тәртібіне, жағдайға немесе нәтижеге байланысты, егер—

(i) бұл адам осы тәртібін түсінуі, мұндай жағдай болуы, немесе мұндай нәтиже жоғары дәрежеде, сөсіз болуы, немесе

(ii) осындай адамның мұндай жағдайлар болуын, немесе осындай нәтиже шын мәнінде болуы керек екендігі жөнінде нақты сенімде болуы.

(B) белгілі жағдайлардың орын алып отырғандығы туралы білім агрессивтік әрекеттер үшін керек болып, адам мұндай жағдайлардың бар, тек қана ықтималдығы жоғары екендігі туралы сезінсе, адам іс жүзінде мұндай жағдайлар болмауына іс жүзінде сенетін жағдайлардан өзге кезеңде.

(4) (A) «Үкіметтің әдеттегі әрекеті» термині шетелдің лауазымды адамының тек әдетте орындайтын әрекеттерін белгілейді-

(i) рұқсат, лицензия немесе өзге арнаулы құжаттарды алу арқылы шет елде бизнес құруға адамның мамандандарылуы,

(ii) визалар мен жұмысқа жолдама беру сияқты үкімет құжаттарын өңдеу;

(iii) полицияның қорғауын қамтамасыз ету, поштаны тиеу мен түсіру немесе контракттарды орындауға жоспарланған тексеру, немесе ел арқылы транзитті өтетін жүктерді тексеру,

(iv) телефон қызметін көрсету, энергия мен сумен қамтамасыз ету, жүктерді тиеу мен түсіру немесе тез бұзылатын тамақтар мен тауарларды бұзылудан сақтау, немесе

(v) осы ұқсас әрекеттер

(B) «Үкіметтің әдеттегі әрекеті» термині шетелдің лауазымды адамының шешімдерінің жаңа бизнесті беру немесе бизнесті кез келген партиямен жалғастыру жөніндегі шешімін ендірмейді немесе шешім қабылдауға тартылған шетелдік чиновниктің жаңа бизнесті беру немесе бизнесті ерекше партиямен жалғастыру туралы қабылдаған кез келген шешімін ешбір жағдайда қамтымайды.

(5) «мемлекетаралық сауда» термині сауданы, бірнеше мемлекеттердің, немесе кез келген ел мен кез келген мемлекеттің арасында кез келген жерде немесе кемеде, олардан тыс сауда, көлік немесе байланысты белгілейді және мұндай терминді мемлекет ішінде пайдалану да кіреді -

(A) телефонды немесе өзге мемлекетаралық құралдарды, немесе

(B) өзге мемлекетаралық институцияларды

(i) Альтернативалық юрисдикция

- (1) Құрама Штаттардың кез келген адамы үшін Құрама Штаттардан тыс жерлерде кез келген әрекеттерді жүргізу заңсыз болып есептелгенде, ұсыныс, төлем, төлеу туралы уәде беру немесе ақша төлеуді рұқсат ету, немесе ұсыныстар, сыйлықтар, кез келген тұлғаға немесе ұйымға маңызды болатын бұйымдар беруге уәде жасау немесе рұқсат ету (1), (2) және (3) пункттерінің (а) подпунктінде көрсетілген, оларда аталған мақсаттар үшін, Құрама Штаттың азаматы пошта немесе кез келген байланыс құралдарын немесе мемлекетаралық саудалық институцияларды осы осы ұсыныстарға, сыйлықтарға, төлемдерге, уәделер немесе рұқсаттар мақсатымен пайдалануына еш байланыссыз.
- (2) Бұл пункттің мақсатына сәйкес «Құрама Штаттың тұлғасы» деген ұғым Құрама Штаттардың азаматын (иммиграция мен азаматтық туралы заңының (8 USC § 1101) 101 бабынада анықталғандай) білдіреді немесе кез келген корпорацияның, серіктестіктің, ассоциацияның, біріккен акционерлік қоғамның, сенім бойынша бизнес, тіркеуден өтпеген ұйымдардың немесе жеке кәсіпкердің Құрама Штаттар заңдарына сәйкес немесе кез келген мемлекет, аумағында, иелігінде немесе саяси бөлімінде.

§ 78dd-3 Эмитент немесе ішкі өндіруші болып есептелмейтін тұлғаларға тиым салынатын шетелдік сауда әрекеттері

(а) тыйым салу

1934 жылдың құнды қағаздар мен биржалар туралы заңының 30А бөліміне жататын немесе ішкі өндірістің, осы заңның 104 бөлімінде көрсетілгеніндей, эмитенттен өзге кез келген тұлғаға заңсыз болуы керек, немесе кез келген лауазымды адам, директор, қызметкер немесе осы тұлғаның немесе кез келген құрылтайшының агенті осы тұлғаның атынан Құрама Штаттардың аумағында әрекет жасағанда, заңсыз пошта немесе кез келген байланыс құралдарын немесе штаттар арасындағы сауда институцияларын заңсыз пайдалану немесе ұсыныстарды, төлемдерді, төлеу жөніндегі уәдені немесе ақша төлеуге рұқсат етуді немесе өзге құнды нәрсені беруді іске өткізу үшін пайдалану -

(1) кез келген шетелдік лауазымды адам, мақсаты-

(А) (i) мұндай шетелдік лауазымды тұлғаның кез келген әрекеті немесе шешіміне арнаулы жағдайында бола тұрып ықпал жасауы, (ii), мұндай шетелдік арнаулы тұлғаларды өзінің заңды міндетін бұзатын немесе бұзбайтын әрекеттер жасауға итермелеу, немесе (iii) кез келген заңсыз артықшылықтарын, немесе

(В) мұндай шетелдік лауазымды тұлғаның шет елдің үкіметіне өз ықпалын пайдаланып немесе ол арқылы әсер тигізіп немесе осындай үкіметтің немесе институциясының кез келген әрекетіне немесе шешіміне ықпал жасау мұндай тұлғаға бизнес алу немесе сақтап

қалу үшін, немесе бизнесті кезкелген өзге тұлғаға ыңғайлау мақсатымен көмек көрсету үшін;

Мұндай тұлғаға бизнесін алу немесе сақтап қалу мақсатымен көмек көрсету немесе бизнесті басқаруды кез келген өзге адамға ыңғайластыру

(2) кез келген шетелдік партия немесе оның лауазымды адамы немесе шет елдік саяси қызметке кез келген кандидаттың мақсаты үшін.

(А) (і) қатысушының кез келген әрекет немесе арнаулы шешіміне немесе ол кандидаттың лауазымдық жағдайына байланысты заңды міндеттерін бұзуды орындау немесе орындамауға әсер тигізуші осындай партия, лауазымды тұлға немесе кандидат қа немесе заңға сыйымсыз артықшылықты қамтамасыз етуші немесе

(В) мұндай партияларға немесе кандидаттың өзінің шетелдің үкіметіне немесе институцияларына ықпалын тигізу, кез келген әрекеттері немесе шешімдеріне тигізетін ықпалын пайдалануына арнаулы түрде әсер ету.

Мұндай тұлғаға бизнесін алу немесе сақтап қалу мақсатымен көмек көрсету немесе бизнесті басқаруды кез келген өзге адамға ыңғайластыру, немесе

(3) кез келген тұлға шет елдің лауазымды адамына, кез келген саяси партияға немесе оның лауазымды адамына немесе шетелдік саяси қызметке кандидатқа ақшаның, құнды заттардың толығынан немесе оның бөлігі ұсынылатынын немесе уәде етілетін мақсатын біле тұрып -

(А) (і), осы шетелдік лауазымды тұлғаның, саяси партияның, партия қызметкерінің, немесе оның кандидатының арнаулы жағдайында кез келген әрекеті немесе шешіміне, (ІІ), шетелдік лауазымды тұлғаның, саяси партияның, партия қызметкерінің, немесе оның кандидатын заңды міндеттерін бұзылуына орай кез келген әрекет жасауы, орындау немесе жіберуіне әсерін тигізу, немесе заңсыз артықшылығын қамтамасыз ету

(В) осындай шетелдің лауазымды тұлғасын, саяси партияны, партия қызметкері немесе кандидатты оның шет елдің үкіметіне немесе институциясына ықпалын пайдаланып, оның осы шет елдің үкіметі мен институциясының кез келген әрекеті немесе шешіміне әсер тигізу

Мұндай тұлғаға көмек көрсету бизнес алу немесе бизнесті сақтап қалу немесе бизнесті басқаруды кез келген өзге адамға беру мақсатымен.

(b) үкіметтің мардымсыз әрекеттерін шығарып тастау

Бұл баптың (а) тармақшасы шетелдік чиновник, саяси партия немесе партияның арнаулы мүшесіне төлемді жеңілдету немесе жылдамдатуға, ешқандай қатынасы болмауы керек, үкіметтің әдеттегі әрекеттерін жылдамдатуды немесе орындалуын қамтамасыз ету мақсатымен шетелдік чиновник, саяси партия немесе партияның арнаулы мүшесіне

(с) Нақты қорғаныс

Бұл баптың тармақшаларындағы әрекеттерден нақты қорғаныс болуы керек, ол-

(1) төлем, сыйлық, ұсыныс немесе маңызды бір нәрсені уәде еткенде, ол шетелдік чиновниктің, саяси партияның, партияның арнаулы өкілінің немесе кандидат елдің жазбаша заңдары мен бұйрықтарына сәйкес заңды болуы, немесе

(2) төлем, сыйлық, ұсыныс немесе маңызды бір нәрсе уәде етілгенде, ол шетелдік чиновниктің, саяси партияның, партияның арнаулы өкілінің немесе кандидаттың атынан жұмсалған саяхат және тұру шығындары болғанда, ақталған және дұрыс, тікелей байланыста -

(А) марапаттау, өнімдер немесе қызметтерді көрсету немесе түсіндіру үшін болғаны, немесе

(В) осы шетелдік үкімет немесе агенттікпен контрактты орындағанда

(d) Соттың тыйым салуы

(1) Осы бап қолданылатын кез келген тұлға немесе чиновник, директор, қызметкер, агент немесе құрылтайшы жауапқа осы баптың құрастырушы кез келген акты немесе практикасын бұзғаны үшін тартылған немесе тартылуы керектігі Бас прокурорға мәлім болғанда, ол өз қарауынша Құрама Штаттардың сәйкес округтық сотында азаматтық процесс белгілей алады, мұндай акт немесе практиканы жазу үшін және қажетті түрде көрсеткеннен кейін, соттың тұрақты тыйымын немесе уақытша тыйым салатын сот бұйрығын ешбір сөзсіз беру керек

(2) Бас прокурордың көзқарасына орай, осы бапты қолдану үшін кез келген азаматтық тексеру жүргізу мақсаты қажетті және орынды болатындықтан, Бас прокурор немесе оның өкілі ант беруді және растауды, сотқа шақырылатын куәларды, дәлелдер алу және кез келген материалды, қағаздарды немесе өзге құжаттарды жүргізуді басқаруға өкілеттілігі бар, оларды Бас прокурор мұндай тергеуге релевантты немесе маңызды деп есептейді. Куәлардың қатысуы және жазбаша дәлелдер жүргізу Құрама Штаттардың кезкелген жерінен немесе кез келген аумағынан, иеліктерінен немесе Құрама Штаттардың ұлттар Достастығынан, тыңдау өтуге белгіленген жерден болады.

(3) Сот шақыруына бағынбағанда немесе шақыру бойынша сотқа келуден бас тартқанда, Бас прокурор Құрама Штаттардың осы тергеу немесе тыңдау жалғастырылып отырған кез келген сотының юрисдикциясының шекарасында немесе осындай адам тұратын және бизнес жүргізетін қатынасуын талап ету және куәгердің куәлігі мен матриал, қағаздар немесе өзге құжаттарды жүргізуді талап етеді. Мұндай кез келген сот ондай адамның Бас прокурорға немесе оның өкіліне келуін талап етеін сұраныс шығаруына болады, ол есеп беру немесе бұйрық бойынша тергеу сұрақтарына байланысты көрсетулер беруі керек.

Соттың мұндай бұйрығына бағынудан кез келген бас тарту сотты балағаттау ретінде есептеліп, жазаға тартылады.

(4) Мұндай кез келген жағдайда барлық процесс осы адам тұрып жатқан сот ауданына берілуі керек. Азаматтық тергеулер бойынша Бас прокурор қажет болғанда немесе осы тармақшаның талаптарын іске асыру шараларын оңтайландыру үшін осындай ережелер жасауына болады.

(e) Айыптар

(1) (A) Кез келген заңға бағынышты адам осы баптың тармақшасын бұзған жағдайда \$ 2,000,000 аспайтын мөлшерде айып салынады.

(B) Кез келген заңға бағынышты адам осы баптың тармақшасын бұзған жағдайда, Бас прокурор белгілеген арыз бойынша, оған \$ 10,000 аспайтын мөлшерде азаматтық-құқықтық санкция қолданылады.

(2) (A) Осы баптың тармақшасын біле тұра бұзған физикалық тұлғаға Бас прокурор белгілеген арыз бойынша, \$ 10,000 аспайтын мөлшерде азаматтық-құқықтық санкция қолданылады.

(B) Кез келген чиновник, директор, қызметкер, агент немесе құрылтайшы адамға айып салынғанда, мұндай айыпты бұл адам тікелей немесе жанама түрде төлеуіне болмайды.

(f) Анықтаулар

Осы секцияның мақсаты бойынша:

(1) қылмыскерге байланысты «персона» термині Құрама Штаттардың отандастарынан өзге кез келген физикалық тұлға (АҚШ заңдар жинағы 8тобында §1101 бойынша белгіленгендей) немесе кез келген корпорация, серіктестік, қауымдастық, акционерлік қоғам, шаруашылық трест, корпоративті емес ұйым немесе шет елдің немесе осы елдің саяси құрылымының заңдарына сәйке жеке меншік құқықты белгілейді.

(2) (A) «шетелдік чиновник» термині шетелік үкіметтің немесе кез келген бөлімінің, агенттіктің немесе осы агенттік көмек көрсететін, немесе халықаралық қоғамдық ұйымның немесе лауазымы на байланысты кез келген адамның мүддесін осы үкіметтің немесе бөлімнің, агенттіктің атынан қолдайтын немесе кез келген осындай қоғамдық халықаралық ұйым үшін немесе атынан көмек көрсететін кез келген чиновнигін немесе қызметкерін атайды.

(A) абзацының «қоғамдық халықаралық ұйым» термині

(i) үкімет бұйрығымен Халықаралық Ұйымдардың тәуелсіздігі жөніндегі заңның 1 бөлімі бойынша (АҚШ заңдарының 22 тобы §288) белгіленген, немесе

(ii) кез келген өзге халықаралық ұйым, осы баптың мақсатына сәйкес үкімет бұйрығына бойынша осы бұйрықтың Федералдық тізімде жариялану күнінен бастап күшіне кіруін Президент белгілеген.

(3) (A) жүргізу, жағдайлары немесе нәтижелеріне байланысты адам ойының «білу» бағыты, егер-

- (i) осы адам осындай жүргізуге қатысып, мұндай жағдай орын алып немесе осындай нәтиже сөзсіз болатыны жөнінде бұл адам білсе, немесе
- (ii) мұндай жағдай орын алып немесе осындай нәтиже сөзсіз болатыны жөнінде бұл адамның қатты сенімі болуы.

(B) Ерекше жағдай бар екенін білу, ондай білімді бұзу үшін қажет болса, егер адам мұндай жағдайдың жоғары ықтималды бар екендігін білсе, адам шын мәнінде мұндай жағдай жоқ деп ойламайды.

(4) (A) «үкіметтің әдеттегі әрекеті» термині шетелдік чиновниктің тек қана әдетте орындайтын әрекетін белгілейді

(i) адам шет елде бизнеспен шұғылдануына мүмкіндік беретін рұқсат, лицензиялар немесе өзге арнаулы құжаттар алу

(ii) виза және жұмысқа тапсырыс беру сияқты үкімет қағаздарын өңдеу;

(iii) полициялық қорғаныс, пошта тиеу мен жеткізу немесе контракт жұмыстарын жоспарлауға байланысты тексерулер немесе тауарлардың ел арқылы транзитті өтуін тексеру;

(iv) телефон қызметін көрсету, энергия және сумен қамту, жүктерді тиеу және түсіру немесе тез бұзылатын тағамдар немесе пайдалану бұйымдарын нашарлаудан сақтау, немесе

(v) осы сияқты әрекеттер.

(B) «үкіметтің әдеттегі әрекеті» термині шетелдік чиновниктің ешбір жағдайда жаңа бизнесті беру немесе ерекше партиямен бизнесті жалғастыру туралы шешімін немесе шешім қабылдау процессіне тартылған шетелдік чиновниктің қабылдау кезіндегі кез келген шаралары жаңа бизнес беруді шешу немесе бизнесті ерекше партиямен жалғастыру кірмейді

(5) «мемлекетаралық сауда» термині осы бірнеше мемлекеттің арасындағы сауда, тасымал немесес коммуникацияларды белгілейді, немесе кез келген шет ел мен шет мемлекеттің арасындағы немесе кез келген шет мемлекет және кез келген орын немесе осы мемлекеттен тыс кемені белгілейді немесе мұндай термин штат ішінде пайдалануды белгілейді.

(A) телефон немесе өзге мемлекетаралық байланыс құралдарын, немесе

(B) кез келген мемлекетаралық байланысты.

§ 78ff. Айыптар

(a) Әдейі істелген бұзылулар, жалған және шатастыратын арыздар

Бұл тараудың кез келген тәртібін әдейі бұзатын кез келген адам (осы тараудың 78dd-1 бөлімінен өзгесін) немесе кез келген ереже немесе сол келісім негізінде реттеуді, заңсыз істелген бұзылуларды немесе орындалуы осы тарауға сәйкес болатын немесе әдейі немесе біле тұра істейтін кез келген адаммен немесе кез келген арыз жасалуын арызда, есепте немесе құжатта осы тарау бойынша немесе кез келген реттеу ережелері бойынша тапсырылатын сол келісім немесе тіркеу арызындағы 78бөлімнің (d) тармақшасында /подразделінде/ қарастырылған міндет бойынша осы атаумен тапсырылатын немесе кез келген өзіндік реттелетін ұйымның мүшелікке арызы немесе қатынасуына байланысты мүшелігі немесе онда қатынасуы немесе оның байланыстағы қатынасуы, берілген арыздың қайсысы жалған немесе кез келген материалдық факт жөнінде алданышты болып, \$ 5,000,000, мөлшерінен артпайтын айып салынуы мүмкіндігі немесе 20 жылдан артпайтын мерзімге түрмеге жабу немесе екеуі де қолданылуы, тек мұнан өзге жағдайда егер мұндай адам физикалық тұлға болмағанда, \$ 25,000,000 артпайтын айып салынуы мүмкін, бір ешбір адам бұл бап бойынша тәртіп бұзғандығы немесе реттегені үшін, бұл ережені немесе реттеу жөнінде туралы білмегенін дәлелдей алса, ешқандай түрмеге отыруға кесілмеуі керек

(b) Ақпарат, құжаттар және есеп беруден бас тарту

Осы атаудың 78o бөлімінің (d) подразделі бойынша немесе кезкелген ереже немесе реттеу келісімі бойынша тапсырылуға тиісті ақпарат, құжаттар және есептерді тіркемейтін кез келген эмитент, Құрама Штаттарға есеп тапсырудан бас тартуы жалғасқан жағдайда әр күн сайын \$ 100 айып төлеуге міндетті. Осындай бас тарту үшін бас бостандығынан айыру орнына жүргізілетін жаза мүлкін тәркілеу, ол осы баптың (a)тармақшасында /подразделінде/ көрсетілгендей, Құрама Штаттардың Қазынасына төленіп және Құрама Штаттардың атына берілген азаматтық арызда қалпына келтірілуі мүмкін болуы керек.

(c) Эмитент, чиновник, директорлар, құрылтайшылар, қызметкерлер немесе шығарушылардың агенті жіберетін қателіктер

(1) (A) Осы 30A тараудың (a) немесе (g) подразделдерін бұзған [АҚШ заңдарының 15 тобының §78dd-1] кез келген эмитент \$ 2,000,000. аспайтын мөлшерде айыпқа тартылуы керек

(B) Осы 30A тараудың (a) немесе (g) подразделдерін бұзатын [АҚШ заңдарының 15тобының §78dd-1] кез келген эмитент \$ 10,000 артпайтын мөлшерде азаматтық – құқықтық санкциялар Комиссия берген арыз талабы бойынша жазалануы керек.

(2) (A) Осындай шығарушының атынан әрекет ететін кез келген чиновник, директор, қызметкер немесе эмитенттің немесе құрылтайшының агенті осы 30A тараудың

(a) немесе (g) подразделдерін [АҚШ заңдарының 15тобының §78dd-1] біле тұра бұзатын болсап, оларға \$ 100,000 аспайтын айып салынуы немесе 5 жылға дейін түрмеге жабылуы немесе осы екі жаза бірге қолданылуы қолданылуы керек.

(B) Осындай эмитенттің атынан әрекет ететін кез келген чиновник, директор, қызметкер немесе эмитенттің немесе құрылтайшының агенті осы 30А тараудың (a) немесе (g) подразделдерін [АҚШ заңдарының 15тобының §78dd-1] біле тұра бұзған болса, оларға \$ 10,000 артпайтын мөлшерде азаматтық –құқықтық санкциялар Комиссия берген арыз талабы бойынша жазалануы керек.

(3) кез келген чиновник, директор, қызметкер, эмитенттің агенті немесе құрылтайшысына айып салынғанда, бұл айыпты тікелей немесе жанама түрде бұл эмитенттің төлеуіне болмайды.